**Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің**

## 6B03204-Журналистика

(білім беру бағдарламасының атауы және коды)

## білім беру бағдарламасына сараптамалық қорытынды

(сыртқы сараптама)

1. Білім беру бағдарламасын бағалау (бұдан әрі - БББ)

   А) Бағдарламаның еңбек нарығындағы қажеттілігі Жаһандық үдерістер мен геосаяси жағдай күн сайын құбылып тұрған кезеңде ақпараттың маңыздылығы арта түспек. Ақпараттың шынайылығы мен талдамалы сипатына ерекше мән берілетін уақыт келді. Осы орайда болашақ журналистерді ақпарат таратуға ғана емес, коммуникация әдістеріне, талдау мен болжам жасауға үйретуге бағытталған білім беру бағдарламасын бітірушілер еңбек нарығында сұранысқа ие бола алады. Жаңа медианың мүмкіндіктері мен ақпарат таратудың жаңа бағыттарын оқыту, салалық журналистиканың мәселелерін қарастыратын курстар бүгінгі медианарық сұраныстарына сай келеді.

   Б) БББ-ның кәсіби қызметті реттейтін нормативтік құжаттарға сәйкес келуі: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңбері (СБШ), Кәсіби стандарт (КС), оқыту нәтижелерінің еңбек функцияларына сәйкестігі (КС болмаған жағдайда)

   Білім беру бағдарламасы барлық нормативтік құжаттарға сәйкес жасалған. Бакалавр академиялық дәрежесін алу үшіне игерілетін 240 кредит жүйелі түрде жоспарланған. Пәндердің оқыту нәтижелері айқын көрсетілген.

   В) БББ мазмұнының экономиканың, қоғамның салаларын дамытудың қазіргі заманғы деңгейіне, ғылымның жетістіктеріне және жұмыс берушілердің сұраныстары мен қажеттіліктеріне сәйкестігі Қазіргі таңда сын жанрлары көп жазылмайды. Білім беру бағдарламасында осыған мән берілгені қуантады. Сондай-ақ ақпарат берудің жаңа формалары сторителлингтің арнайы курс ретінде оқытылуы да құптарлық іс. Медиаменеджмент және медиамаркетинг, Медиабрендинг, Спичрайтер, БАҚ-тағы ақпараттық қауіпсіздік мәселелері медианы басқару мен ұйымдастыруда қажетті пәндер екендігі сөзсіз. Бір сөзбен айтқанда білім алушылар дұрыс таңдау жасаса, білім беру бағдарламасын бітірушілер нарық талабына сай маман болады.

2. Білім беру бағдарламасын жетілдіру бойынша ұсыныстар

   Білім беру бағдарламасында 57 кредит Жалпы білім беру бағытындағы пәндерге жұмсалған. Осы пәндердің ішінде ең қажеттісі тарих, философия, әлеуметтану, саясаттану. Қалған курстарды өндірістік практика немесе мамандыққа қатысты практикалық пәндерге беру керек. Ағылшын тілін толық меңгеріп, сертификатымен келген студентке ағылшынның практикалық курсын оқытудың қажеті жоқ.

3. Қорытынды:

   Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады / ұсынылмайды

   Білім беру бағдарламасы оқу процесінде пайдалануға ұсынылады.

4. Сараптама жүргізген: ЖҰМЫС БЕРУШІ

**1) Берік Уәли,**
**«Хабар Агенттігі» АҚ Басқарма төрағасы** ____________ ____________
(Аты-жөні, лауазымы) (қолы) (күні)

**М.О.**